

## Мұнай операцияларын жүргізу саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 149 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі м.а 2011 жылғы 31 тамыздағы № 272 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 қыркүйекте № 7177 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 421 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 482 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 22.06.2015 № 421 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 482 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы заңының 13-бабына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :**

1. Қоса беріліп отырған Мұнай операцияларын жүргізу саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілері сферасын тексеру мәселесі жөніндегі міндетті ведомстволық есептіліктің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ саласындағы мемлекеттік инспекциялау комитеті (Т.А.Момышев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейін және жылдың 20-қаңтарына дейін, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша жүргізілген тексерулер мен олардың нәтижелері жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі Л.К.Кииновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік органдардың соңғысы қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Мұнай және газ министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Экономикалық даму және сауда*

С. Мыңбаев

министрінің міндетін атқарушы

2011 жылғы 25 тамыз

Д. Шәженова

2011 жылғы 31 тамыз

Қазақстан Республикасы

Мұнай және газ министрлігінің

2011 жылғы 25 тамыз № 149

және Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда

министрі міндетін атқарушының

2011 жылғы 31 тамыз № 272

бірлескен бұйрығымен бекітілді

### **Мұнай операцияларын жүргізу саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері**

1. Осы, мұнай операцияларын жүргізу саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі – өлшемдер) мұнай операцияларын жүргізу саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы», «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Өлшемдерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органның тексерулерді жоспарлау мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені;

3) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері – тексерілетін субъектінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, тексерілетін субъектілерді әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

4) тексерілетін субъекті – қызмет түріне лицензиясы бар, лицензиялау және кейінгі лицензиялық тексеру Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрінің ведомствосымен жүргізілетін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану операциясы жүзеге асырылатын мұнай операцияларын жүргізу саласындағы

қызметіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар .

3. Жоспарлы тексерулер жүргізудің мерзімі тәуекел дәрежесіне байланысты: жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен; орташа тәуекел дәрежесі кезінде – үш жылда бір реттен; болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – бес жылда бір реттен жиі болмайтын кезеңділігі айқындалады .

4. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері 2 түрге бөлінеді:

1) объективті – тексерілетін субъектілер қызмет атқарған кезде мүмкін болатын тәуекелдердің маңыздылығына негізделген;

2) субъективті – тексерілетін субъектілермен белгіленген талаптарды бұзуға жол берілгендігіне байланысты анықталады .

Субъективті өлшемдер елеулі және болмашы бұзушылықтардан тұрады .

5. Алғаш рет тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу объективті өлшемдер негізінде жүзеге асырылады .

6. Объективті өлшемдері бойынша тексерілетін субъектілер мынадай тәуекелдер тобына бөлінеді :

1) жоғары тәуекел дәрежесінің 1-тобына мұнай, газ, мұнай-газконденсатын өндіруді, сондай-ақ қызметтің мынадай лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жатады:

Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану .

Қызметтің осы түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

тау-кен, мұнай-химия өндірістерін пайдалану;  
мұнайды, газды, мұнай-газконденсатын өндіру;

мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау ;

ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; мұнай-газ ұңғымаларында ұңғымалар көтергішін орнату ;

мұнай-газ ұңғымаларында ұңғымаларды жөндеуден кейін сынаулар; мұнай-газ ұңғымаларында ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру ;

мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту ;

кұрлықта және теңізде мұнайдың төгілуін, ұңғымалардың өздігінен атқылауын, мұнай және газ шығарындыларын (бұрқаққа қарсы жұмыстарды

қоспағанда) болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар, ұнғымаларды консервациялау;

мұнай, газ ұнғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары;

2) орташа тәуекел дәрежесінің 2-тобына мұнай және газ кен орындарын бақылауды, сондай-ақ қызметтің мынадай лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жатады:

Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.

Қызметтің осы түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

тау-кен, мұнай-химия өндірістерін пайдалану;

(мұнай, газды, мұнай-газконденсаты) кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу;

мұнай, газ ұнғымаларындағы каротаж жұмыстары;

3) төменгі тәуекел дәрежесінің 3-тобына қызметтің мынадай лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін жүзеге асыратын лицензиаттар жатады:

Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.

Қызметтің осы түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

тау-кен, мұнай-химия, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық);

тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық);

мұнайды, газды, мұнай-газконденсатын өндіруді жобалау;

мұнай-газ кен орындарын эзірлеу жобаларын және технологиялық регламенттерді жасау;

мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық);

мұнай-газ кен орындарын эзірлеу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне қайтадан жатқызу субъективті өлшемдерді ескер отырып жүзеге асырылады.

8. Елеулі бұзушылықтарға:

1) көрсетілетін қызметке біліктілік талаптарына сәйкес талап етілетін меншік немесе жалгерлік (жалгерлік шарты) құқығындағы өндірістік базаның (меншік құқығын растайтын, құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері) болмауы;

2) көрсетілетін қызметке біліктілік талаптарына сәйкес талап етілетін сәйкес құрылғының, механизмдердің, құралдардың, технологиялық құрылғылардың  
б о л м а у ы ;

3) лицензияның немесе жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болмауы;

4) көрсетілетін қызметке біліктілік талаптарына сәйкес талап етілетін тиісті білім беру деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша іс жүзіндегі жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар мен мамандардың білікті  
қ ұ р а м ы н ы ң б о л м а у ы ;

5) лицензияға қосымшада көрсетілмеген лицензияланатын қызметтің кіші  
т ү р л е р і н ж ү р г і з у ;

б) кен орнын барлау, сынамалы игеру, өндірістік және тәжірибелік-өндірістік игеру, ұңғымаларды, қажетті кәсіпшілік объектілерді және көмірсутектерін өндіру, дайындау және сақтауға қажетті басқа да объектілердің жобалау құжаттарының болмауы, сол сияқты бекітілген жобалық құжаттардың  
т а л а п т а р ы н б ұ з у ы ;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 123 қаулысымен бекітілген пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағиданың  
т а л а п т а р ы н б ұ з у ы ;

8) ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы игеру кезінде, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде мұнай-газ саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу;

9) мұнай-газ кен орынын өндірістік игеруді ілеспе және (немесе) табиғи газды  
ө н д е у с і з ж ү р г і з у ;

10) теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізудің  
ж а л п ы ш а р т т а р ы н б ұ з у ы ;

11) олар болған жағдайда техникалық регламенттермен белгіленген  
т а л а п т а р д ы с а қ т а м а у ;

12) қоршаған ортаны қорғау саласында мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бекітілген және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен келісілген ілеспе газды өндеуді дамыту бағдарламасының болмауы және сақталмауы жатады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Болмашы бұзушылықтарға:

1) көрсетілетін қызметтің біліктілік талаптарына сәйкес талап етілетін технологиялық регламенттердің болмауы немесе технологиялық регламенттің кәсіпорын басшысымен бекітілмеуі, орындалатын қызметтің кіші түрлеріне сәйкес келмеуі;

2) Алынып тасталды - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

3) көрсетілетін қызметтің біліктілік талаптарына сәйкестігі талап етілетін өнім сапасының стандарттарға, нормаларға және техникалық шарттарға сәйкестігін бақылайтын аккредиттелген зертхананың (немесе қызмет көрсетуге арналған шарттың) болмауы;

4) жүзеге асырылатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес талап етілетін технологиялық процесті және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды; машиналарды, тетіктерді, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; еңбек қауіпсіздігін бақылауды; метрологиялық бақылауды; маркшейдерлік жұмыстарды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтердің болмауы;

5) Алынып тасталды - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

6) ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау жөніндегі есептілікті ұсынбау ;

7) Алынып тасталды - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

8) келісім-шарттық аймақта өндірілген мұнайды өлшеу мен таразылау ережесін бұзу .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Әрбір жол берілген бұзушылық үшін тексерілетін субъект мынадай балл иеленеді :

бір елеулі бұзушылық үшін – екі балл;

бір болмашы бұзушылық үшін – бір балл.

11. Тексерілетін субъектілер субъективті өлшемдер бойынша жол берілген бұзушылықтың түрі мен санына байланысты бөлінеді.

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілетін субъектінің жинаған баллдары қ о с ы л а д ы .

Тексеру кезеңінде 4 балдан жоғары жинаған болмашы тәуекел тобына жатқызылған субъектілер тексерілетін орташа тәуекел тобына жатқызылады.

Тексеру кезеңінде 4 балдан жоғары жинаған орташа тәуекел тобына жатқызылған субъектілер тексерілетін жоғары тәуекел тобына жатқызылады.

Тексеру кезеңінде жоғары топтағы тәуекел дәрежесіндегі субъектілер тексерілетін 2 балдан көп жинамаса орташа тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

Тексеру кезеңінде орташа тәуекел дәрежесіндегі тексерілетін субъектілер 3 балдан көп жинамаса болмашы тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

12. Бір топтың ішіндегі тексерілетін субъектілер тексеру жоспарына:  
тексерудің ең соңғы мерзімі;  
соңғы тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар саны бойынша енгізіледі.